

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,  
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және  
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған  
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»  
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның**

### **МАТЕРИАЛДАРЫ**

2020 жылдың 15 мамыры

### **МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно-практической конференции  
«Психология здоровья человека  
в глобализирующемся мире»  
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,  
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова  
15 мая 2020 года**

### **PROCEEDINGS**

**International scientific conference about  
«Psychology of human health in a globalizing world»  
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,  
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and  
70th anniversary of S.M. Dzhakupova**

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

**УДК 159.9 (063)**  
**ББК 88,3**  
**П 86**

**Редакционная коллегия**

**Қашхынбай Б.Б.**-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

**Сламбекова Т.С.** - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

**Айкинбаева Г.К.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Мамбеталина А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Нурадинов А.С.** -кандидат психологических наук, доцент

**Рыскулова М.М.** -кандидат педагогических наук, доцент

**Исаханова А.А.** – PhD психологии

**Организационный комитет**

**Ақымбек Г.Ш.** -магистр психологии

**Бурдесбекова У.И.** -магистр педагогики

**Құнанбаева А.Ж.** -магистр психологии

**Лекенова А.**-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

**ISBN 978-601-337-343-0**

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

**ISBN 978-601-337-343-0**

**©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020**

**©Кафедра социальной педагогики и самопознание**

**ЕНУ им Л.Н. Гумилева**

болғандықтан олар бар білгендерін айтып, білмегендерін үйренеді деп ойлаймын.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты(2020 жыл)
2. Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобразовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985. - 208 с.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. ҚР БҒМ бұйрығы
4. М.Жұмабаев. Педагогика. - Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.
5. Ф.Н.Жұмабекова, Мектепке дейінгі педагогика, Астана, Фолиант, 2014.
6. Әдістемелік нұсқаулық хат. Астана. 2016.

**ӘОЖ 159.99**

### **АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ - ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ КӨЗҚАРАСТАРҒА СИПАТТАМА**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің профессоры, п.ғ.к Фатима Ниязбековна Жұмабекова, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығының 2 курс студенті Альбина Омарова. Нур-Сұлтан. Қазақстан

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек» – дейді өз сөзінде [1].

Абайдың асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасақ, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз. Абайды жаңа Қазақстанның бренді ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл – бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы. Бүкіл қазақ пен түркі халқының санасына сіндіре алсақ, рухани жағынан мүлде жаңа жолға түсеміз. Тазарамыз. Пайданың емес, ардың жолына түсеміз. Ол біздің рухани қазынамыз және ол бізді аласапыран дүниеде адастырмай, дұрыс, тура жолға бастайтын, бірегей ілімі бар адам. Мұндай ілімі бар адам көп халықта жоқ, Еуропада да жоқ. Абай салған "толық адам" ілімі Тұран жерінде пайда болған. Абай жасаған "Толық адам" ілімі қазақ руханиятының паспорты саналатындықтан бұл келешекте ұлттық сананы жаңғыртатын, Қазақстанның моральдық кодексiнiң iргетасын қалайтын iлiм болып табылмақ – деп атап көрсетті мемлекет басшысы [1].

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті. Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың

көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады. Абайдың ойынша, табыс табу үшін қолөнер үйрену керек. Себебі «мал жұтайды, өнер жұтамайды» (отыз үшінші қара сөз). Ұлы ақынның бұл ойлары бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де өзекті деп санаймын. Сондықтан біз бүгінгі таңда шикізатқа тәуелділік психологиясынан арылуды, шағын және орта бизнесті барынша өркендетуді негізгі басымдықтың бірі ретінде белгілеп отырмыз.

Жоғары оқу орындарында ғылыми конференциялар, Абай оқулары, симпозиумдар, поэтикалық және әдеби фестивальдар, поэзия кештері, Абай өлеңдерін үздік оқу, әндерін орындау және шығармашылығын білу бойынша семинарлар мен конкурстар жоспарлануда. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ жанынан «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты құрылды.

«Абай әлем мойындаған дана ұстаз, ақын және адамзаттың данышпаны. Данышпан Абайдың ұлылығы мен ерекшелігі, табандылық пен мақсаттылықты дәріптей және оның өз ұлтының санасына енгізе отырып, ұлттық рухты бұрын-соңды болмаған биіктікке көтере алды. Біз Абайдың бойынан табылатын тұлғаға лайықты, мақтан тұтатын рухани тірегіміздің барына алғыс айтуымыз керек», - деді Г. Әбдіқалықова. Отырыста халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейдегі 500-ге жуық түрлі іс-шаралар өткізу жоспарланған Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспар жобасы қарастырылды [1]

Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде «Абай» көркем фильмінің өндірісі мен шығарылымы, Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мен жарыққа шығарылуы, сондай-ақ Абай үйі-музейінің жан-жақты танымалдығын арттыру іс-шаралары, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығына ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізу, Абайдың әкесі – Құнанбайдың тұлғалық маңыздылығы мен тарихи-мәдени рөлін арттыру бойынша шаралар қабылдау көзделген. Бұған қоса, бүгінгі күні әлеуметтік желілерде сәтті іске асырылған #Abai175 челленджі жаһандық форматта жалғасын табатын болады.

Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Тамыз айында Семей қаласында ЮНЕСКО-мен бірлесіп өткізілетін «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ең басты шараға айналады. Сондай-ақ қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында «Абай және рухани жаңғыру мәселелері» деген тақырыпта халықаралық конференция өтеді. Бұл жиындарда Абайдың тұлғасы мен мұрасы жан-жақты зерделеніп, оның шығармашылығын ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанның

игілігіне пайдалануға жол ашылады. Маңызды жобаның бірі – ұлы ақынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Атап айтқанда, Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, итальян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады. Ақынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалы түсіріледі. Ақын тойынан өнер саласы да тыс қалмайды. Республикалық және халықаралық деңгейде театр және музыка фестивальдары өтеді. Биылғы бәйгелер Абай шығармашылығына арналады. Әдебиет және өнер саласындағы үздік шығармаларға берілетін мемлекеттік сыйлық енді Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп аталатын болады [2]

Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасады. Ресейдегі, Франциядағы, Ұлыбританиядағы және басқа да мемлекеттердегі Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтарын» құру жоспарланып отыр. Шығыс Қазақстан облысының Ақшоқы елді мекеніндегі Құнанбай Өскенбайұлы әулетінің қорымы абаттандырылады. Семей өңірі – қазақ тарихындағы киелі өлкенің бірі. Сондықтан елдің рухани дамуында ерекше орны бар Семей қаласын тарихи орталық ретінде белгілеген жөн. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің кіндік қаны тамған өңір айрықша құрметке лайық. Осыған орай шаһарды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кешенді түрде дамытып, ондағы тарихи-мәдени нысандарды жаңа талапқа сай жаңғыртамыз. Үкіметке бұл мәселеге байланысты тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын.

Сонымен қатар Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру керек деп ойластырылуда. Жидебайда музейге арнайы лайықталған «Абай мұрасы» атты жаңа ғимарат салынуы жоспарлануда.

Абайдық философиялық, эстетикалық көзқарастары оның көркем шығармашылығы барысында қалыптасқандығын және сондықтан дұрыс әрі аяқталған бүтіндей болмағандығын, ескеруіміз керек. Оны суреткер ретінде толғантқан, құбылыстардың көптеген бағалануы озық идеялар ағымы мен жағдайлар әсерінен өзгеріп отырған, бірақ эстетиканың негізгі мәселелеріне, мысалы, әсемдік және оның өмірмен байланысы, қоғам өміріндегі өнердің рөлі және басқаларына оның қатынасы тұрақты болды.

Көркем шығармашылықты Абай өзінің педагогикалық ойлары мен халықты көркемдік тәрбиелеудің құралы ретінде пайдаланды. Міне, сондықтан, ол өз өлеңдерінде поэзияның қоғамдық өмірдегі рөлі мен мәні туралы, қоғамдағы ақынның орны туралы айтты. Абай «таза» өнер теориясына қарсы болды, ол орыс ревлюцияшыл демократтары секілді өнерді әлеуметтік күрес құралы деп санамады. Өзінің қара сөздерінде ол былай жазды: «Бөтегеннің тілі мен мәдениетін білу адамды сол халықпен тең етеді, ол өзін еркін ұстайды, ал егер ол елдің қамқорлығы мен күресін оның жүрегі қабылдаса, онда ол шетте қала алмайды». Бұл ойын өрбіте келіп, Абай өзінің қырық үшінші сөзінде: «Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпымен, ұнамсызы ұнамсыз қалпымен, әрнешік өз суретімен көңілге түседі... жан

қуатыменен адам хасил қылған өнерлі күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнерінің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткенінді білмей қаласын», – деп жазды. Сондықтан Абайдың өнердің халықтығы туралы көзқарастары біздің заманымызда да өз өзектілігін жоғалтқан жоқ [3].

Абай қоғам өміріндегі ақынның рөлі мен орнын, поэзия міндетін жоғары бағалаған. Өзіне тән мақтанышпен Абай қазақ поэзиясының керемет сұлулығын, оның адамның рухани дамуындағы мәнін атап кеткен өлеңдері: «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Адамның кейбір кездері», «Базарға қарап тұрсам, әркім барар», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол». Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн. Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет. Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі [4].

Күллі көркем әдебиеттің басты тақырыбы адам десек, Абай шығармашылығының да өзегі, арнасы – Адам. Абайтанушы, профессор Мекемтас Мырзахметұлы: «толық адам» ілімі - бізді аласапыран дүниеде адастырмай, тура жолға бастайды, ұлт бойындағы мейірбандық, жомарттық сияқты ізгі қасиеттерді әспеттейтін хакімнің бұл ілімі өскелең ұрпақты теріс мінез-құлықтан арылтуға сеп болмақ. Өйткені, қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың шығармаларында жатыр - дейді [4].

Ақынның адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттілік, адамгершілік, имандылық сияқты адами құндылықтарды арқау еткен, оны өз бойында жетілдіре білген дамытқан адам «толық адам», - дейді.

Абайдың көтерген проблемалары әрі терең, әрі сан алуан. Абай қазақ поэзиясын жаңа биікке көтерді дедік. Осымен байланысты екі түрлі жайтты тағы да қайталап айту артық емес тәрізді. Біріншісі - ол өзіне дейінгі қазақ

әдебиетіндегі кемшіліктерді, оның өзіне тән байырғылықты қайталамауы, екіншісі - шығыс, батыс, орыс мәдениетін өз әдебиетіне үлгі етіп алуы, өз өлеңдерінің сапасын жоғарылатуы, ұлттық түрді сақтай отырып, оған интернационалдық нәр беруі, әдебиетімізді шын искусстволық дәрежеге көтеруі. Абай өлеңдерінің осы қасиеті, оның өз кезіндегі және өзінен кейінгі сөз өнерпаздарының барлығына да әсер етті және олар Абай сөздері жаңа құбылыс екендігін тек танып қана қойған жоқ, әркім одан өзінше сабақ алды, үйренді, өздеріне үлгі санады. Абай қаламына тән терең мазмұнды үздік образдар ой қозғап, жүрек тербетерлік әдістері өзінен кейінгі ақындарды еріксіз мойындатып, Абайдың шәкіртіміз деуге мәжбүр етті. Бұл Абайдан кейінгі қазақ поэзиясының бойына түгел сіңген және туысқан татар, башқұрт, қырғыз елдеріне де әсер еткен болатын. Өзінен соңғыларға Абайдың әсер, ықпалдарын сөз еткенде, біздің кейбір зерттеушілеріміз мәселелерді кең түрде қоя алмай, ақынның әдеби мектебінің шеңберін тарылтып, тек оның өз айналасынан ғана іздейді. Ақын шығармашылығында поэма жанры да өзіндік орынға ие және қазақ поэзиясының жаңаша дамып, қалыптасуында да Абайдың зор қыпалы мен үлесі бар. Оған ақынның поэмалары дәлел. Абайды зертеуші ғалымдар ұлы ақынды халық ұстазы деп біледі. Ойшыл ақын жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде гуманизм, отаншылдық және интернационализм принциптеріне достықты, әділеттілік пен мейірімділікті негізгі қазық етіп алды [5].

Ойымызды қорытындылай келе, Абайдың телегей теңіздей мол мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Оны жастарға таныстыру арқылы біз болашақ ұрпақтың бойында ғылымға деген қызығушылығын оятып, тұлға ретінде қалыптасуына ықпалын тигіземіз. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді. Ақын жолымен халық жолымен, тарих жолымен табысқан шақта, Абайды өлді деу қате, оның өзіне өлім жоқ, сөзіне заман-дәурен шегі жоқ. Абайдың бар өмірін баян ету бір сөзге симайды. Бір қазақтың ғана емес, жалпы жұрттың ақыны болған Абайды ұғыну үшін ол тәлім алған мектептерді білу керек. Абай бар асыл ойын замана жастарына, келер ұрпаққа арнады. Оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты - адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. 9 қаңтар 2020. <http://government.kz/kz/news/v->

chest-175-letiya-abaya-kunanbayuly-pravitelstvom-zaplanirovano-provedenie-poryadka-500-razlichnyh-meropriyatiy.

2. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер. - Алматы: Мектеп, 2007.-248б.

3.«Бүгінгі Абайтану». Асан Қайырбекұлы Омаров.Ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы. – Семей, «Интеллект»,2011-262бет.

4. Мырзахметұлы М. Абайтанудың бүгінгі міндеттері.// «Абай», №4, 2005

5. Жәлелұлы О. Харекет. Алтын кітап баспасы.2018.

ӘОЖ 159.972

## ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ДАМУ

**Жүсіпбек Дилара Жандосқызы**

[enu.fsn@mail.ru](mailto:enu.fsn@mail.ru)

Нұр-Сұлтан қаласы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 5B012300 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

мамандығының 4 курс студенті.

Ғылыми жетекші – Т.С. Сламбекова

Бүгінгі таңда жеке тұлғаның психологиялық денсаулығының орны мен рөлі айрықша бөлек. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап мемлекеттік саясатта келер ұрпақтың денсаулығы басты назарда. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде денсаулық сақтау мәселелерінің қарастырылуы осының дәлелі. Мәселен, халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы заңда «денсаулық - аурулар мен дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, тұтастай тәни, рухани (психикалық) және әлеуметтік салауаттылық жағдайы» делінген [1]. Адамның психологиялық проблемаларының алдын алу, оларды шешу, өмірдегі қиын және дағдарысты жағдайлар мен олардың салдарын еңсеруіне психикалық және соматикалық денсаулықты қолдау, психикалық дамуын оңтайландыру, өмір сүруге бейімдеу және оның сапасын арттыру, оның ішінде адамның жеке мүмкіндіктерін жандандыру арқылы арттыруға ықпал ететін жәрдемдесу; адамдарды психологиялық проблемалардың себептері, олардың алдын алу және оларды шешу тәсілдері туралы хабардар етуге; жеке басты дамытуға, оның өзін-өзі жетілдіруіне және өзін-өзі танытуына бағытталған іс-шаралар кешені де заңнамалық актілерінде көрініс береді [2].

Психологиялық денсаулықтың құндылығын жеткіншектерді өмірге даярлауда, мамандықты саналы таңдауда, мақсат-міндеттерін анықтауда, қоршаған ортада бейімдеуде байқауға болады. Жеке тұлғаның әлеуметтік бітім-болмысы және адами қасиеттерінің негізгі белгілерінің де жетілуі тікелей психологиялық денсаулық деңгейіне байланысты.

XX ғасырдағы психология ғылымы адамның психикалық ауытқулары мен тұлғалық дағдарыстарын зерттеуге бағытталғанымен, психикалық және